

№ 61 бөбекжай – бақшасының «Қамқоршылық кеңес» отырысының
№ 2 хаттамасы

21. 12. 2020 жыл

1. Джумакулова Асель Кадировна
2. Жолдыбаева Жанна Нуркановна
3. Койлиева Айсұлу Мырзакановна
4. Есімтаев Марат Талғатович
5. Саттыбаева Индира Байтасовна
6. Сейдали Алия Абірқызы
7. Әмірова Әйгерім Қойшыбайқызы
8. Каримова Дарига Кайдаровна
9. Боранбаева Ажар Кушековна

Күн тәртібі:

1. 2020 -2021 жылғы № 61 бөбекжайда бюджет қаражатын бөлу жөніндегі бағыттарды іске асыру
2. Бөбекжай –бақшадағы сауықтыру жұмыстары, коронавирустық инфекция кезіндегі сақтық шаралар мен тамақтануды ұйымдастыру, білім беру іс-шараларын өткізу
3. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық, қауіпсіздік ережелерін сақтау
4. «Ең үздік жаңа жылдық безендіру» сайысының дайындық деңгейі

Тыңдалды:

1. 2020 -2021 жылғы № 61 бөбекжайда бюджет қаражатын бөлу жөніндегі бағыттарды іске асыру туралы директор З.К.Берсүгірова баяндап, әр балаға бөлінетін қаражаттың жұмсалуды мен бөлінуі жайлы баяндап берді. Балалардың бөбекжай –бақшада ерін-еркін сезінулеріне, білім алуларына байланысты барлық жағдайдың жасалғандығын айтып кетті.
2. Қамқоршылық кеңес төрайымы А.К.Джумакулова бөбекжай –бақшадағы сауықтыру жұмыстарының күнделікті өткізіліп отыратындығы туралы отырған ата –аналарға айтты. Сауықтыру жұмысының күн тәртібіне сай, таңғы уақыттан кешке дейін жоспарланып өтетінін және Қазіргі еліміздегі індетке байланысты санитарлық –гигиеналық талаптардың сақталып отырғандығын атап өтті.
3. Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Н.С.Алпысбаева жаңа жылдық мерекелер жас ерекшелік топтарда Аяз ата мен Ақшақардың құттықтаулары, бүлдіршіндерге арналған жағымды көңіл- күй мен қуанышты сәттерді сыйлау карантиндік шараларды қатаң сақтай отырып оқу қызметі шеңберінде жүзеге асырылатынын айтып, қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша әр педагог нұсқаулық журналына қолдарын қойып, балалардың қауіпсіздігіне жауаптылығы туралы қол қойғандықтарын ескертті.
4. Бөбекжай – бақша директоры З.К.Берсүгірова Жаңа жылдық Аяз ата мен Ақшақардың құттықтау шарасына байланысты жас ерекшелік топтар бойынша «Ең үздік жаңа жылдық безендіру» сайысы ұйымдастырылатынын айтты. Қамқоршылық кеңес ұйымының мүшесі Әмірова Ә. Қ. сайысқа байланысты әр жас ерекшелік топ ата –аналары балалармен жаңа жылдық қолөнер бұйымын дайындауды ұсынды.

Шешімі:

1. Бюджеттік қаражатты бөлу жөніндегі бағыттар ары карай іске асырылсын.
2. Коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау үшін сақтық шаралары күшейтіліп, сауықтыру жұмыстары күн тәртібіне сай күнделікті жүргізілсін.
3. Аяз ата мен Ақшақардың жаңа жылдық құттықтауына сай әр жас ерекшелік топтар сайыс ережесінің критерилеріне сай безендірілсін.
4. Бөбекжай-бақшада ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жүргізу ары карай жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Хатшы:

Джумакулова А.К.

Сейдалі А.А.